22683225067

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 26 мамыр № 7119-25-00-2/4707 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«AU-MEN» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ауез Шегеуглы Менликулов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «AU-MEN» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ауез Шегеуглы Менликуловты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «AU-MEN» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ауез Шегеуглы Менликулов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «AU-MEN» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Ауез Шегеуглы Менликуловтан мемлекет пайдасына 2203 (екі мың екі жүз үш) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы сомасы және 2 032 (екі мың отыз екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы сомасы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 26.05.2025
Заңды күшіне енген күні: 02.07.2025, судья Искалиева А. С., 08.07.2025
7119-25-3-1/4429

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 26.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 02.07.2025, судья Искалиева А. С., 08.07.2025

7119-25-3-1/4429